Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылы 24 қазан №4712-25-00-2/3431 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.А.Борашева,
сот отырысының хатшысы Г.Матжанованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 21 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«е-АПК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілдері – А.С.Жүсіп, Г.Д.Сарсенгалиева
жауапкердің өкілі – Ж.К.Бегалиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

31 мамыр 2025 жылы тараптар арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №105 мемлекеттік сатып алу туралы шарты (әрі қарай- Шарт) жасалған.

Шартың жалпы сомасы 9 987 998теңге құрайды.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес Шарт күшіне енген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде жауапкер бағдарламалық қамтамасыз етуді интеграциялау бойынша қызметтер оқу орнын ақпараттандыру, білім беру платформасы базасында деректерді бақылау және есепке алу бойынша бағдарламалық кешенді (АӨК) автоматтандыру интеграциясы саласындағы қызметтер (әрі қарай- қызметтер) көрсетуге міндеттенген.

Шарттың әрекет ету мерзімі 31 желтоқсан 2025 жылға дейін қолданылады.

Шарт қазынашылық органдарында 21 мамыр 2025 жылы тіркелген.

16 маусым 2025 жылы жауапкер Шартты орындауға қажетті құралдарды жеткізген, оны тапсырыс беруші № 3 актімен қабылдаған.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, жауапкер Шарт бойынша алған міндеттемелерін тиесілі түрде орындамаған, жұмыс басталғанмен, толық көлемде орындалмаған. Жауапкерге Шарт бір жақты бұзылатыны туралы хабарлама 11 маусым 2025 жылы жолданғанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды, 279 663 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді және Шартты бұзуды сұраған.

Кейін талап қоюшы талабын нақтылап, тек жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілдері талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талап қоюмен келіспей, қарсы пікір келтіріп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4–тармағының 4) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, Шарттың 8.1. тармағына сәйкес Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жауапкер өзінің міндетін 10 маусым 2025 жылға дейін орындауға тиіс.

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкес жауапкермен атқарылатын қызмет мектепте бағдарламалық білім беру платформасы негізінде қадағалау мен есепке алуды басқарудың бағдарламасын жаңғырту және функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту болып табылады.

Бағдарламалық өнім «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жыл 24 қарашадағы № № 418-V ЗРК Заңына (Тармақша 52-1) сәйкес елдің қорғанысын және мемлекеттік

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 31.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 21.01.2026, судья Борашева А. А., 11.02.2026
4712-25-3-6/385

қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жасалған ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының электрондық өнеркәсібінің сенімді бағдарламалық құралдары мен өнімдерінің Реестріне тіркелеген енгізілген болуы тиіс.

Сонымен қатар, білім беру мекемесінің ұйымдастырушылық қызметін автоматтандыруды бақылау, есепке алу бөлігінде Жеткізуші енгізетін бағдарламалық қамтамасыз ету жұмыстарын, ұйымдастырушылық және оқу процестерін бір бағдарламалық басқаруға синхрондауға және біріктіруге, есепке алу құрылғылары мен бекіту жабдығының жұмысын қамтамасыз етуге, білім беру ұйымын пайдаланушылардың жеке деректері мен қол жеткізу құқықтарын бір жүйеге келтіруге, оқу процесін ұйымдастыруға және бағалау барысын құруға, сондай-ақ ата-аналармен бағалау есептерін құруға, сондай-ақ статистикалық есептерді қалыптастыруға және құруға, сондай-ақ статистикалық тәсілдерді жасақтауға қол жеткізуі тиіс.

Алайда, сот отырысында анықталғандай, жауапкермен Шарт бойынша міндеттеме тиісті түрде орындалмаған, атап айтқанда бағдарламалық өнімді енгізу процесінде қосымшалардың дұрыс интеграциясы мен өзара әрекеттесуін қамтамасыз етпеген.

Сонымен қатар, жауапкер тарапынан бағдарламалық құралдың барлық пайдаланушыларының жеке сәйкестендіру деректері енгізілмеген.

Демек, жауапкермен білім беру ұйымында бақылау мен есепке алудың бағдарламалық жүйесі енгізілмей, білім беру мекемесінің аумағында балаларды есепке алуды, бақылауды және қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары, сонымен қатар білім беру мен оқыту процестері мен ресурстарын, білім беру жүйесін бірыңғай бағдарламалық шешімге біріктіру және синхрондау мақсаты жүзеге асырылмаған.

Заңның 8-бабының 4-тармағына сәйкес осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қоюды сотқа жолдаған.

Демек, талап қоюшы сотқа жүгіну мерзімін өткізбеген.

АПК-нің 72 және 73- баптарына сәйкес, әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады.

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 31.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 21.01.2026, судья Борашева А. А., 11.02.2026
4712-25-3-6/385

Егер дәлелдемелерді ұсынған тұлғалар оларды істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін.

Жауапкермен сотқа бағдарламалық өнімді енгізу процесінде қосымшалардың дұрыс интеграциясы мен өзара әрекеттесуін қамтамасыз етілгенін растайтын туралы ешқандай дәлелдемелер табысталмады.

Сондай-ақ, жауапкердің 16 маусым 2025 жылы тапсырыс берушімен құралдарды қабылдап алу туралы № 3 актісімен Шарт бойынша міндеттелер орындалған деген уәждері негізсіз, өйткені бұл құралдар бағдарламалық өнімнің интергациясы мен өзара әрекеттесуін растамайды.

Істің мұндай тұрғысында сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Сонымен қатар АПК-нің 117-бабының 1-тармағына сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 21 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы–қанағаттандырылсын.

«е-АПК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«е-АПК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 31.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.01.2026, судья Борашева А. А., 11.02.2026

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 31.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.01.2026, судья Борашева А. А., 11.02.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»